



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20.07.2016 ж. № 93-НҚ

Ақтау қаласы

город Актау

**«Маңғыстау электротораптық бөлу компаниясы» акционерлік
қоғамының 2016-2020 жылдарға арналған электр энергиясын беру және
тарату жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне төтенше реттеуші
шаралар ретінде тарифтерді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы «Табиғи монополияларды және реттелетін нарықтар туралы» Заңының 15 бабы 1) тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі Төрағасының агенттігі 2013 жылғы 17 шілде №213-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларын 25 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес «Маңғыстау электротораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының 2016-2020 жылдарға арналған электр энергиясын беру және тарату жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифтері 2016 жылдың 1 тамызынан бастап бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Департаментінің 2015 жылғы 24-қарашадағы № 129-НҚ «2016-2020 жылдарға арналған «Маңғыстау электротораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру және бөлу қызметіне тарифтің және тарифтік сметасының шекті деңгейін бекіту туралы бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Департаментінің табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі (Ә.Қ. Әбдіғалиев) осы бұйрықты «Маңғыстау электротораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. 2016жылғы 1 тамызынан бастап күшіне енетін бұйрықтың 1-тармағын қоспағанда, осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшының м.а.



Б.З. Бекмұратов

000538